

«Астана медицина университеті» АҚ
Кафедра: Қоғамдық денсаулық сақтау №1

Факультет: Қоғамдық денсаулық сақтау

Пәннің аты: Қоғамдық денсаулық сақтау

СӨЖ

Тақырыбы: Тіркеу, Аурулардың халықаралық жіктелуі

Оқытушы: Байгенжеева Р.К

Орындаған: Әшірепиев М.М

Топ: 503 - ҚДС

Астана-2016

Жоспар:

- Кіріспе
- 1. АХЖ мақсаты, міндеттері
- 2. АХЖ СИПАТТАМАСЫ
- 3. Аурулардың Халықаралық Номенклатурасы
- 4. Аурулар жіктелуінің жалпы қағидалары
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

- **Аурулар мен денсаулыққа байланысты мәселелердің халықаралық статистикалық жіктемесі** (ағылш. *International Statistical Classification of Diseases and Related Health Problems*) денсаулық сақтаудың жетекші статистикалық және жіктемелік негізі ретінде қолданылатын құжат. Әр бір он жыл сайын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) бақылауымен қайта қаралып отырады. Аурулардың халықаралық жіктемесі методикалық әдістер мен материалдардың халықаралық салыстырымдылығының бірлігін қамтамасыз ететін нормативтік құжат болып табылады.
- Қазіргі кезде "Аурулардың халықаралық жіктемесінің оныншы қайта қарауы" (**АХЖ-10, ICD-10**)
- Қазақстан денсаулық сақтау саласының ақпараттық жүйесінде АХЖ-10 қолдануды 2010 жылдан бастады

АХЖ мақсаты, міндеттері

- АХЖ мақсаты – жүйелеген тіркеу, сараптама, әр түрлі уақытта әр түрлі мемлекеттер мен аймақтардан алынған өлім мен аурушаңдық жайлы мәліметтерді салыстыру мен интерпретациялау үшін жағдай жасау. АХЖ аурудың немесе басқа да денсаулыққа байланысты мәселелердің диагнозының ауызша тұжырымдамасын мәліметтерді сақтауға, пайдалануға және талдауға қолайлы әріптік-сандық тұжырымдамаға айналдыру үшін қолданылады.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының ТУЫ



АХЖ құрылуы

- Этиология принципі.(1-ші класс”Жұқпалы және паразитарлы аурулар”,19-класс”Оқыс жағдайлар,уланулар және жаракаттар”)
- Патогенез принципі.(2-ші класс «Жаңа түзілімдер»).
- Лакализация принципі(Орналасуы бойынша)
- Ерекше жағдайлардың жалпылығы(15-класс «Жүктіліктің асқынуы,босану және босанудан кейінгікезең»).

АХЖ-10 үш томнан тұрады:

- I том
 - негізгі жіктелулер
- II том
 - АХЖ-ны пайдаланушыларға арналған қолдану бойынша нұсқауды қамтиды
- III том
 - Алфавиттік көрсеткіш болып табылады.

АХЖ-10 XXI класс

- *I Кейбір жұқпалы және паразитарлы аурулар(A00-B99)*
- *II Жаңа түзілістер(C00-D48)*
- *III Қан ауруы,қан түзу ағзаларының имунды механизмінің бұзылуына қатысты жеке аурулар(D50-D89)*
- *IV Эндокринді аурулар,тамақтану және зат алмасу ағзаларының бұзылыстары(E00-E90)*
- *V Психиканың бұзылыстары және мінез құлықтың бұзылыстары(F00-F99)*
- *VI Жүйке жүйесінің бұзылыстары(G00-G99)*
- *VII Көз және оның қосымшаларының аурулары(H00-H59)*
- *VIII Құлақ және емізік тәрізді өсінді аурулары(H60-H99)*
- *IX Қанайналым жүйесінің аурулары(I00-I99)*
- *X Тыныс алу жүйесінің аурулары(J00-J99)*
- *XI Ас қорыту жүйесінің аурулары(K00-K99)*
- *XII Тері және тер асты шел қабатының аурулары(L00-L99)*
- *XIII Тері- бұлышықет жүйесінің және дәнекер тінінің аурулары(M00-M99)*
- *XIV Зәр шығару жүйесінің аурулары(N00-N99)*
- *XV Жүктілік,боосану және босанғаннан кейінгі кезең(O00-O99)*
- *XVI Перинатальді кезеңде пайда болған жеке жағдайлар(P00-P99)*
- *XVII туа пайда болған ақаулар,түр өзгеру және хромосомдық бұзылыстар(Q00-Q99)*
- *XVIII Клиникалық және лоботорлы зерттеу кезінде анықталған симптомдар, басқа тарау жіктелмесінде көрсетілмеген белгілер және қалыпты жағдайдан ауытқулар(R00-R99)*
- *XIX Жарақаттану,улану және сыртқы ортаның басқада әрекеттері(S00-T98)*
- *XXАурушаңдықпен өлімнің сыртқы себептері(V01-Y98)*
- *XXI Халық денсаулығына және емдеу мекемелеріне қаралуға әсер ететін факторлар(Z00-Z98)*

АХЖ СИПАТТАМАСЫ

Аурулардың салдарына қатысты (зақымдану мен бұзылуларды қоса алғанда) жіктелу жөніндегі бұл нұсқаулықты 1980ж. ДДҰ ағылшын тілінде жариялады. Кейін ол көптеген тілдерге аударылды.

ЕҚ және ӘЖБХТ бір-бірінен ерекшеленетін үш жіктелуден тұрады, олардың әрқайсысы аурудың түрлі салдарына қатысты болып келеді.

Бұзылулар (код I) психологиялық, физиологиялық немесе анатомиялық құрылымның немесе функцияның ауытқуын, иә болмаса жойылуын қамтиды.

I код құрылымының негізін ондықтан кейінгі нүкте алдында екі белгі және одан кейін бір белгі құрайды. Кейбір жағдайларда төртінші белгі қолданылады. Бұл жіктелу үшін алфавиттік көрсеткіш қарастырылған.

Еңбекке қабілеттіліктің төмендеуі (код D) адам үшін қалыпты болып саналатын тәсілмен немесе сондай шекте әрекет ету қабілетінің болмауын немесе қандай да шектелуі түріндегі бұзылыстардың салдарын көрсетеді, сөйтіп, еңбекке қабілеттіктің төмендеуі жеке адам (тұлға) деңгейіндегі бұзылыстарды бейнелейді.

D коды құрылымының негізін екі белгі және ондық нүктеден кейін қосымша белгі пайдалану мүмкіндігі құрайды. Бұл жіктелу үшін алфавиттік көрсеткіш қарастырылмаған.

Әлеуметтік жеткіліксіздік (код H) – бұл адамның еңбекке қабілетінің өзіне өмірде қалыпты болып саналатын

Аурулардың Халықаралық Номенклатурасы

- 1970ж. Халықаралық медициналық ғылыми ұйымдардың кеңесі (ХМҒҰК) мүше-ұйымдарының көмегімен Аурулардың Халықаралық номенклатурасын дайындауды қолға алды, 1972-1974жж. номенклатураның алғашқы нұсқасының бес томы жарық көрді. Дегенмен, кейін нағыз халықаралық болатындай номенклатураны құру тек ХМҒҰК мүшелері қамтамасыз ете алатын номенклатураға қарағанда, неғұрлым кеңірек кеңес берушілік қолдауды талап ететіндігі анықталды. 1975ж. АХН ХМҒҰК мен ДДҰ-ның бірлескен жобасына айналды, ол екі ұйымның өкілдерінен тұратын комитеттің техникалық басшылығымен басқарылып келді.
- АХН-ның басты мақсаты - әрбір нозологиялық бірлікке бір ұсынылған атау беру. Мұндай атауды таңдаудың негізгі белгілері ретінде болуға тиістілері: спецификалылығы (бір ауруға қолданыла алатын болуы), бір мәнділігі, атаудың өзі, мүмкін болғанынша, аурудың негізгі мәнін көрсетіп тұруы, барынша оңайлығы; бұдан басқа (мүмкін болғанынша), аурудың атауы оның себебіне негізделуі тиіс. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген белгілерге

Аурулар жіктелуінің жалпы қағидалары

- «Жіктелу – бұл жинақтау әдісі. Бірнеше жіктелулерді табысты пайдалануға болады: клиницист, патологанатом және заңгер, әр қайсысы өз тұрғысынан, толық негізбен ауруларды және өлім себептерін зерделеніп отырған мәселенің шешілуіне бәрінен де көбірек жәрдемдесіп, ортақ қорытындыларға келуге көмектесетіндей етіп жіктей алады».

Аурулардың статистикалық жіктелуі патологиялық күйлердің бүкіл жиынтығын қамтитын бір-бірін болдырмайтын айдарлардың белгілі санымен шектелуі тиіс. Айдарларды ауруларды статистикалық зерделеуді жеңілдететіндей қылып таңдап алу қажет. Денсаулық сақтау үшін айрықша маңызы бар немесе кеңінен таралған нақты ауру жеке айдармен ұсынылуы тиіс. Кері жағдайда айдарлар бөлек, бірақ тектес ауруларды қамтитын болады. Әрбір ауру немесе патологиялық күй айдарлар тізімінде қатаң белгілі орын алуы тиіс. Сонымен, бүкіл жіктелу бойы әйтеуір бір нақты айдарларға жатқызуға келмейтін басқа және аралас күйлер үшін алдын ала айдарлар қарастырылуы тиіс. Аралас күйлерге жатқызылатын күйлердің саны барынша аз болуы тиіс. Дәл осы топтау элементі статистикалық жіктелу ішінде әрбір белгілі ауру үшін жеке атаудың болуы тиіс аурулар номенклатурасынан айрықша етеді.

Қорытынды

- АХЖ негізін әрқайсысының саны онға дейін жететін төрт мәнді шағын айдарларға әрі қарай бөлінетін үш мәнді айдарлардың кодпен жазылған бірыңғай тізімін құрайды. Бұрынғы қайта қараулардағы кодпен жазудың сандық жүйесінің орнына Оныншы қайта қарастырылуда кодтың бірінші белгісі ретінде әріп және екінші, үшінші және төртінші белгісінде сан жазылған әріптік-сандық код пайдаланылған. Сонымен, кодтардың болуы мүмкін нөмірлер А00.0-ден Z99.9-ға дейін созылады. U әріпі пайдаланылмайды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- kk.wikipedia.org/wiki

- Қазақстанның денсаулық сақтау саласының ақпараттық жүйесінде оныншы қаралымның денсаулығына байланысты аурулар мен проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылғы 19 қазандағы № 543 бұйрығы

